

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана. - 2020. - Т. II. - Б. 173-177

ҚАЗАҚСТАНДА СТАЛИННИҢ ӘКІМШІЛ-ӘМІРШІЛ САЯСАТЫНЫҢ ЖҮРГІЗІЛУІ

Ізтілеуқызы Т.

Зиялы қауымды қудалаудың саяси науқандары қазақ топырағында жаңғырып, негізінен ескі феодалдық қоғамды дәріптеуге буржуазияшыл ұлтшылдыққа қарсы күресуге келіп тірелді. Осы бағытта ҚК(б)П ОК-нің 1947 жылғы 21 қаңтардағы «Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институт жұмысындағы өрескел саяси қателіктер туралы» [1] қаулысының негативтік рөлі зор болды. Дарынды зиялы қауым негізгі нысанаға алынып, көрінген белсенді ғалымсымақ топырақ шаша алатындай олар қорғансыз жағдайда қалды.

Өз кезегінде республика партия ұйымының басшысы : Ж.Шаяхметов «ұлтшылдық» мәселесіне ерекше назар аударды. «Соңғы жылдарда, -деді ол өзінің Орталық Комитетінің VIII пленумында 1951 жылы 17 қазанда жасаған баяндамасында, қазіргі тақырыпта жазылған бірқатар пьесалардың авторлары кеңес адамдарын дөрекі, мәдениеті кем, моральдық бейнесі төмен адамдар етіп суреттейді. Мұның өзі кеңестік тұрмысты өрескел бұрмалағандық болып табылады. Соңғы жылдары бізде қазіргі тақырыпқа бірде-бір опера жазылған жоқ. Республикалық опера театры әзірге халықтың тарихы туралы музыкалық спектакльдер қоюмен ғана келеді. «Қыз-Жібек», «Ер Тарғын» сияқты бұрынғы дәуір туралы опералық шығарманы алатын болсақ, бұл шығармаларда біраз кемшіліктер және тарихи шындықты бұрмалаушылықтар бар және олар мықты өңдеуді керек етеді.

Осыдан кейін қазіргі тақырыпқа пьеса жазбайтындар сынға алына бастады. Олардың қатарына М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов қойылды. Жоғарыда аталған пьесалармен қатар, «Қобыланды», «Қозы Көрпеш - Баян Сұлу», «Ақан сері-Ақтоқты» пьесаларынан идеялық кемшілік іздеп, оларды түбірінен қайта өңдеу қажеттігі айтыла бастады.

Ал, енді қазақ музыкасы туралы мәселеге келсек, Ж.Шаяхметов Қазақстан Компартиясының V съезінде композитор А.Жұбановты жазықсыз айыптады. Оның халықтық дәстүрден бастау алған кемел шығармаларын республика басшысы түкке тұрмайтын, буржуазияшыл-ұлтшыл бағытта жазылған туындылар қатарына жатқызды. Ахмет Жұбановқа қарсы науқан осы съезден бұрын басталған еді. Бұған дейін оны Алматының Сталин аудандық партия комитеті партиядан шығарды, консерватория директорлығынан, Композиторлар Одағына мүшеліктен босатты. Оның

еңбектері- «Қазақ композиторларының өмірлері мен творчестволары», «Қазақ халқының музыка мәдениеті», «Орталық Қазақстанның музыка мәдениеті» феодалдық-байшылдық дәстүрлерді дәріптейтін шығармалар қатарына жатқызылды.

Тағы бір айта кетер нәрсе, 1946 жылы 26 тамызда БК(б)П Орталық Комитеті «Драмалық театрлар репертуары және оны жақсарту шаралары туралы» [2] қаулы қабылданды. Онда кейбір орын алған қателіктер атап көрсетіліп, қазақстандық Ә.Тәжібаевтың «Біз қазақпыз» деген шығармасы саяси тұрғыдан қате пьеса ретінде сынға алынды. Авторға өткенді көксеуші, қазақ халқының тарихын бұрмалаушы, хандар мен феодалдар өмірін марапаттаушы деген жала жабылды.

Буржуазиялық-ұлтшылдыққа айыптау науқаны, әсіресе, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1947 жылғы «Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателіктер туралы» [1] қаулысынан соң кең өрістеді. Онда Базар, Мұрат, Шортанбай, Шәңгерей, Ә.Қарашев, С.Торайғыров тәрізді Қазан төңкерісінен бұрынғы қазақ әдебиетінің өкілдерінің мұралары буржуазиялық-ұлтшылдық, феодалдық-реакциялық сарындағы шығармалар ретінде сипатталды. Сонымен қатар, халық ауыз әдебиетінің кейбір нұсқаларын зерттеуші кейбір ғалымдар да қуғындала бастады. Енді космополитизм мен буржуазиялық-ұлтшылдық бір медальдың екі беті ретінде сынға алынатын болды.

Осы ахуалды Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің 1948 жылы тамызда қабылданған «Қазақ совет әдебиетінің жағдайы және одан әрі дамыту туралы» [1] шешімі, ауырлата түсті. Алғаш Алматыда болған идеология қызметкерлерінің қалалық жиналысы, онан соң Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің IV съезі Қазақстан шекаралық республика болғандықтан, қырағылықты күшейте түсуге, буржуазиялық-ұлтшыл, шовинистік жау элементтерді дер кезінде әшкерелеуге, байлардан және феодалдардан қалған қалдықтарға қарсы күресуге шақырды.

Осы бағыттағы Мәскеуден жасалған қысымға, тіптен, кезінде замандастары білімділігі, әдептілігі және мәдениеттілігі үшін аса құрметтеген республика партия ұйымы Орталық Комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Ілияс Омаровтың өзі төтеп бере алмай, аталмыш жиында негізгі айыптау Ж.Шаяхметовты құптап сөйледі. «Панисламизмді, буржуазиялық-ұлтшылдықты және феодалдық-байшыл қалдықтарды» әшкерелей келіп, ол: «Батыстың ықпалы бізге Шығыстың алқызыл халатын киіп келуі мүмкін екенін ұмытпауымыз керек», - деп Таяу Шығыста болып жатқан «империалистік тіміскі әрекеттерден» жұртты сақтандырды.

Қазақстан Компартиясының осы съезінен кейін 1949 жылғы 17 наурызда Б.Кенжебаевты, Т.Нұртазинді, Ә.Қоңыратбаевты, Е.Ысмайыловты айыптаған Қазақстан Жазушылар Одағының партия жиналысы болды. Онда С.Омаров, Ж.Саин, С.Мұқанов жоғарыда аталған кісілерді ұлтшылдар ретінде айыптауда белсенділік көрсетті. Сондай-ақ айыпталушылар қатарында Т.Ахтанов, Д.Әбілев, М.Ақынжанов, С.Адамбеков, Т.Жароков

және басқалар да болды. Бұл кісілер ол кезде, әрине, өздеріне берілген партиялық тапсырманы орындаған еді.

Осылайша өзара сынды өрістете тұрса да, Жазушылар Одағының төрағасы С.Мұқанов жоғары жаққа бәрібір жақпады. Оны Ж.Шаяхметовтың республика партия ұйымы Орталық Комитетінің VIII съезіндегі (1951ж. 16-17 қазан) сөзінен байқауға болады. Мұнда ол былай деді: «...Жазушылар Одағының президиумы, оның председателі Мұқанов жолдас өз жұмыстарының тиісті нәтижесінде бола алмады. Мұқанов жолдас жазушылар ортасында большевиктік сын мен өзара сынды басқармай отыр: Жазушылар Одағында принципті творчестволық сын мен өзара сынды орнына тамыр-таныстық қатынастар, қателіктер мен кемшіліктерді бүркеу орнаған [3].

Жазушылардың біраз шығармаларының «халықтар достығын теріс баяндап, өрескел қателіктерге жол берілетіндігі» атап көрсетілумен болды. Мысалы, Қ.Әбдіқадыровтың мақта өсіруші, атақты звеношы Рыскүл Мақатоваға арналған «Келес қызы» деген повесінің «қазақтар мен өзбектердің достық қатынасын өрескел бұрмалап көрсететіндігі», С.Мұқановтың «Сырдария» романының «социалистік реализмнен ауытқығандығы», Қ.Аманжоловтың «Дауыл» деген өлеңдер жинағының «қайдағы бір ежелден келе жатқан, жападан жалғыз Қазақстанды жырлауы», Ә.Тәжібаевтың «Жас қазақ» деген өлеңіндегі «елеулі ұлтшылдық қателер», Қ.Бекқожиннің- «Мәриям Жагорқызы» поэмасындағы «тарихи шындықты өрескел бұрмалайтын қателер», С.Бегалиннің «Көксегеннің көргендері» әңгімесіндегі «колхозды елеусіз, артта қалған деп суреттеуі», Ә.Әбішевтің «Сахар әулеті» романының «басшы партия кадрлары бейнесін бұрмалап көрсетуі» өткір сынға алынады [3].

Кейбір әдебиетшілер «қазақ халқына жат «батырлар», Алтын Орда хандары және Ноғайлы кезеңдеріндегі адамдар болып табылатын дастандарды дәріптеушілер» ретінде айыпталды. Бұған мұрындық болған жоғарыдағы Тіл және әдебиет институты туралы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қаулысы ғана емес, 1944 жылы БК(б)П Орталық Комитеті қабылдаған Татар облыстық партия комитетінің жұмысы туралы қаулы [2] да еді. Осы соңғы құжат Едіге туралы дастанды феодалдық-хандық Алтын Орданы дәріптеуші шығарма ретінде қаралады. Сондай-ақ Ноғайлы жырларына жататын «Ер Сайын», «Қарасай-Қази», «Орақ-Мамай», «Қазтуған батыр» тәрізді халықтық эпос үлгілері де осылайша өткір сынға алынды. «Ер Сайын» соғысты, тонауды дәріптеуші, халыққа жат, реакциялық шығарма ретінде сипатталса, «Шора батыр» жыры «қанқұмарлықты, жыртқыштық пен қатігездікті», ал «Қобыланды батыр» «басқа халыққа жаулықты, панисламизм идеясын насихаттаушы» шығармалар ретінде айыпталды.

Кезінде 1940 жылы Л.Соболевтің редакциясымен «Дала әндері» деген жинаққа осындай жырлар кіріп, жарық көрген еді. Ал оған М.Әуезов «Қазақ эпосы және революцияға дейінгі фольклор» деп аталатын беташар мақала жазған болатын. Бұл мақала да енді жөнсіз айыпталды.

М.Әуезовтың осындағы «...Богатырь - это носитель концентрированный в одном образе мощи коллектива, олицетворение своего рода...» (Батыр - бұл коллектив қуаты мен өз руын көрсетушіні бір образға шоғырландырған адам-Қ.Ә.) деген пікірі партиялық аппарат шенеуніктеріне мүлде ұнамады.

Қазақ интеллигенциясын қуғындауда Кенесары Қасымұлының көтерілісі төңірегіндегі айтыстар үлкен рөл атқарды. Сәл шегініс жасап айта кеткен жөн, жалпы Кенесарыға көзқарас ұзақ жылдар бойы қайшылықты болып келді. 1939 жылы «Большевик Казахстана» журналы Кенесары қозғалысын реакциялық қозғалыс деп жариялаған болатын [4]. Бірақ соғыстың басталуына байланысты Қазақстан басшылығы өзінің көзқарасын өзгертті. 1944 жылы маусымның 18-інде «Социалистік Қазақстан» газеті Ұлы Отан соғысына аттанып бара жатқан жауынгерлерге арналған Ж.Шаяхметовтың мақаласын басып шығарды. Онда Республика басшысы қызыл әскерлерге үлгі ретінде халық батырларын атай келе, олардың қатарында Кенесары мен Наурызбайды да ауызға алды. Солай болса да, кейіннен біз әңгімелеп отырған кезеңде ұлтшылдықты айыптау науқаны өрістегенде республика басшысы өз пікірінен тайып кетті. «Мен, - деп атап көрсетті 1951 жылы 17 қазанда болған республика Компартиясының пленумында Ж.Шаяхметов, - 1944 жылы Амангелді Имановтың қайтыс болуына 25 жыл толуына арналған «Социалистік Қазақстан» газетінде жариялаған мақаламда елеулі саяси қате жібердім. Қазақ жауынгерлерін неміс-фашистеріне қарсы күресуге шақыра отырып, мен оларды өздерінің даңқты бабаларына лайықты болуға үндедім, сөйтіп, Сырымның, Исатайдың, Махамбеттің, Амангелдінің есімдерімен қатар Абылайдың, Кенесары мен Наурызбайдың да аттарын атадым. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің сессиясында 1944 жылғы сәуірдегі жасаған баяндамасында Оңдасынов жолдас та осындай қате жіберді» [3].

Ж.Шаяхметовты мұндай «қателікке» ұрындырған біздің ойымызша, И.Сталиннің орыс батырларын құрметтеген 1941 жылғы 7 қарашадағы әскери парадтағы сөзі және Невский, Суворов, Ушаков, Нахимов, Хмельницкий атындағы ордендер тағайындауы болды [4].

1943 жылы маусым айында «Қазақ КСР тарихы» жарық көрді. Оны дайындауға соғыс жағдайында Алматыға қоныс аударған А.М.Панкратова бастаған Ресейлік ғалымдар және М.Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Мұстафин, Б.Кенжебаев, Е.Смайылов, Е.Бекмаханов тәрізді қазақ зиялылары қатысты.

Кітаптың Кенесары қозғалысына байланысты тарауын Е.Бекмаханов жазды. Бұл көтеріліс патшаның отарлау саясатына қарсы бағытталған ұлт-азаттық қимыл ретінде бағаланды [5]. Бірақ, көп кешікпей-ақ, орталық партия комитетінің «Татар партия ұйымында бұқаралық-саяси және идеологиялық жұмысты жақсартудың жағдайы және шаралары туралы» (1944ж. 9тамыз) [6] және «Башкирия партия ұйымындағы үгіт-насихат жұмысының жағдайы және оны жақсарту шаралары туралы» (1945 ж. 27-қаңтар) қаулылары буржуазиялық ұлтшылдыққа айыптау науқанының жаңа кезеңін бастап берді. Хан және төре тұқымынан шыққан тұлғаларды

көтермелеушілер енді буржуазиялық ұлтшылдар қатарына жатқызылды. Мұндай көзқарас жоғары да аталған А.Ждановтың сөзінен және 1947 жылы қабылданған «Тіл және әдебиет институтының жұмысы туралы» [7] қаулыдан соң тіптен орныға түсті. Мұндайда Кенесары партия жиналысында белгілі ғалым Есмағамбет Ысмайловқа «Кенесарыны дәріптеуші» деген кінә тағылды. «Ол жалған ақындарға Кенесарыны жырлауды тапсырды, ал бұл жыр әдейі жазылып алынып, өткен ғасыр фольклоры ретінде ұсынылды», - деп атап көрсетті сөйлеушілер .

Осылайша Сталиннің интеллигенцияға қарсы қолданылған идеологиялық терроры толассыз және құрбандық талғамайтын, барған сайын үдей түсетін қарқынмен жүргізілді.

Әдебиеттер тізімі

1 «Қазақстан Компартиясы съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумындарының қарарлары мен шешімдері». Т . 3 – 4. Алматы., Қазақстан, 1989, 536 б.

2 «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумындарының қаралары мен шешімдері». Т . 6 – 7. Алматы., Қазақстан, 1973, 560 б.

3 «Республиканың партия ұйымындарындағы идеологиялық жұмыстың жайы және оны жақсарту шаралары туралы (Ж. Шаяхметовтың баяндамасы)». // Қазақстан коммунисті, 1991, № 3.

4 Тәкенов Ә. Елуінші жылдардың басында қазақ тарихы қалай қыспаққа алынды? // Қазақ тарихы, 1994- № 1-3

5 Гуревич Л. «Тоталитаризм против интеллигенции». Алматы., Казахстан, 1992, 350с.

6 Қозыбаев М. «Историография Казахстана: уроки истории». Алматы., Рауан, 1990, 135б.

7 Sergienko E.A. (2013). The problem of relationship between subject and personality. Psychological Journal, Volume 34, No.2, 5-16.

Ғылыми жетекшісі: PhD докторы, Қоскеева Ә.М.